

# Майдангер есімі көше атауына берілсе

Бұгінде қаламыздың тұрғыны болған, дүниеден өткен Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері майдангер Әбжан Тоқайұлының ерліктері жайлы айтып ету маңызды болып отыр. Сонау 1937 жылы Финляндия соғысына қатысып, 1940 жылы жаралы болып елге оралған 20 жасар жігіттің ерлігі елге өнеге.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ағымдағы жылдың 15-ші наурызында Атырау қаласында өткен «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында: «Екінші дүниежүзілік соғыс есік шешірепе айналған сайын тарихи және әскери тақырыптағы алып-қашпа аңыз әңгімелер көбейе түсті. Қазақстан әрқашан тарихи шындықтың және адамзат жылнамасындағы ең қанды қасап туралы шынайы көзқарастың сақталғанын қалайды. Келесі жылы әлемде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы кеңінен атап өтіледі. Айтулы датаны мерекелеге дайындықты қазірден бастаудың керек. Жеңістің 80 жылдығына орай зерттеулер тың қарқынмен жалғасады деп сенемін. Сұрапыл соғыс кезіндегі аға бұйның өшпес ерлігі мен ерен еңбе-



гін үрпақ жадында жаңғыруға өте маңызды. Мемлекет бұл бағыттағы жұмысты жалғастыра береді»-деп айрықша атап өткен болатын. Осы ретте, жерлесіміз, майдангер қария Әбжан Тоқайұлының есімі ұлықталса деймін.

Әбжан Тоқайұлы 1941 жылы Торғай АӘК-нан әскерге шақырылып, соғыста 277 АП құрамында қатардағы жауынгер болып айрықша ерлік көрсетеді. Осында ерлігі үшін жауынгерлік 5 медальмен марапатталған. Әскер қатарынан 1945 жылы мамыр айында босап, соғыстан кейін де елге аяңбай қызмет етіп, аудан милициясының қызметін атқарған. Кеңтөбе колхозында қоймашы болады. 1951 жылдан бастап 1977 жылға дейін Сарыторғай совхозында жылқышы болып еңбек еткен. Осы жылдағы еңбегін бағалап 1971 жылы «Ленин»

орденімен марапатталады. 1977 жылы құрметті демалысқа шықты. Әбжан Тоқайұлының артында қалған 5 баласы, 10 немере, 5 шебересі бар. 2019 жылы 27 наурызда дүние өтті.

Бұгінде «Жаңа Қазақстанымыздың» алдында өске-лең үрпақты кешегі батыр аталарамыздың ерлігімен сусындарып, бойында Отанға деген құдіретін қалыптастыру міндеті тұр. Президент Ұлттық құрылтайда «Екінші дүниежүзілік соғыстағы батырлардың ерлігі – бүтінгі және болашақ Отан қорғаушылар ушін шынайы үлгі-өнеге» - деген болатын. Сондықтан да жоғары да айттыған мәселе-лердің маңыздылығын еске-ре отырып, Әбжан Тоқайұлы атамыздың есімін ел жадында жаңғыртып, жастарға үлгі ету мақсатында қаламыздың орталығынан көше аты мен өзі түрған үйге (Абай даңғылы 65 үй) «белгі тақта» орнатылса, тарихқа деген тағым, үрпаққа үлгі болар еди.

Келер жылы Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаында білім, жастар саласында түрлі іс-шаралармен қамтылса, Ұлттық құрылтайда Президент айтқан маңызды жұмыстардың бір парасы атқарылар еди. Тарихты ұлықтап, үрпақ санасында жаңғыруға Біздің жұмысымыздың басым бағыты болып қалу көрек деп ойлаймын.

Амангелді  
АХМЕТЖАНОВ